

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 21 қарашадағы N 1582 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 наурыз N 335. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.02. N 1225 қаулысымен. ~P981225

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

"Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 21 қарашадағы N 1582 P951582\_ қаулысымен бекітілген "Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қоры туралы Ережеге (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 36, 462-бап) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтағы "(бұдан әрі - Қор)" сөздерінен кейін "Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жанынан" сөздері қосылсын , одан әрі мәтін бойынша;

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкінің операциялық басқармасында" сөздері "Қазақстан Республикасының Халық банкінде" сөздерімен алмастырылсын;

3-тармақтың төртінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкінің депозиттеріне" сөздері "Қазақстан Республикасы Халық банкінің депозиттеріне" сөздерімен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі" сөздері "Қазақстан Республикасының Халық банкі" сөздерімен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі" сөздері "Қазақстан Республикасының Халық банкі және Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы" сөздерімен алмастырылсын ;

8-тармақтың бірінші абзацындағы "Қордың Байқаушы кеңесі" сөздері " Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы" сөздерімен алмастырылсын;

9-тармақтағы "Байқаушы кеңесі" сөздері "Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру

жөніндегі мемлекеттік комиссиясы" сөздерімен алмастырылсын;

10-тармақта:

бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" сөздерінен кейін "Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Аппараты Басшысының ұсынуы бойынша" сөздері қосылсын;

мына мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қор дирекциясы аппаратының санын Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы бекітеді";

12-тармақ "Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Аппараты Басшысының ұсынуы бойынша" сөздерімен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі